

Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу
Тәртібі

Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әзірленген және:

- шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуінің және Қазақстан Республикасынан кетуінің;
- шетел азаматтарына Қазақстан Республикасында уақытша болу хұқын беретін құжаттарды ресімдеудің;
- шетел азаматтарына Қазақстан Республикасында тұру түрлерін берудің;
- шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруының;

- шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында тұруының мерзімін ұзартудың немесе қысқартудың, сондай-ақ аластаудың тәртібін айқындайды.

Осы Ереженің күші сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдарға да таратылады.

2. Қазақстан Республикасында уақытша болған шетел азаматтары қабылдаған ұйымды (кәсіпорын, мекеме, оқу орыны) <*> , өз мемлекетінің тұрақты шетел өкілдігін, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасына жеке іс бойынша шақырған адамдарды, ал қажет болған жағдайда ішкі істер органдарын хабардар еткеннен кейін, өзінің таңдауы бойынша қонақ үйінде немесе басқа тұрғын үйде (тұрғын үй қорының түрлеріне қарамастан) тұрады.

<*> Мұнан былай - ұйымдар.

3. Қазақстан Республикасында жүрген шетел азаматтары осы Ережеде белгіленген тәртіппен тіркелген шетел паспортын немесе оларды алмастыратын құжаттарды <*> өзімен бірге ала жүруге және оларды құзыретті органдардың талап етуі бойынша көрсетуге міндетті.

<*> Мұнан былай - шетелдік паспорт.

Шетелдік паспортты жоғалтқан жағдайда шетел азаматы қабылдаған ұйымға немесе ішкі істер органына тез арада хабарлауға міндетті, олар азаматтың тілегі бойынша оған бұл жөнінде анықтама береді.

4. Қазақстан Республикасында туыстарының және таныстарының шақыруы бойынша, яғни жеке іс бойынша болған шетел азаматтарының республика аумағында Қазақстан Республикасының кәсіпорындарына, ұйымдары мен мекемелеріне (меншік нысандарына қарамастан) жұмысқа орналасуына болмайды.

5. Қабылдаушы ұйымдар шетел азаматтарына Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Ережеде көзделген хұқықтар мен міндеттерді уақтылы түсіндіруді, шетел азаматтарына қатысты белгіленген хұқықтық нормалардың орындалуын қамтамасыз етеді, шетел азаматтарының тиісті есебін жүргізеді, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасында болуына елдің аумағы бойынша жүріп-тұруына және болудың белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасынан кетуіне хұқық беретін құжаттардың уақтылы ресімделуіне жауап береді.

6. Шетел азаматы бір ұйымның шақыруы бойынша келген жағдайда, келесі ұйым осы азаматқа қатысты міндеттерді жүзеге асыра отырып және осы Ереженің 5 тармағында көзделген жауапкершілікті мойнына алып, оны Қазақстан Республикасында өзінің тарапынан қабылдауға хұқылы.

7. Қазақстан Республикасына шетел азаматтарын жеке іс бойынша шақырған және оларға тұрғын үй алаңын берген адамдар, ол азаматтардың шетел паспорттарын уақтылы тіркеуге және олардың белгіленген болу мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасынан кетуіне жәрдем көрсетуге шаралар қолдануға міндетті.

Осы Ереже көрер көзге бұзылатын болған жағдайда, бұл адамдардың шетел азаматтарына үй-жай, көлік құралдарын беруіне, немесе басқадай қызметтер көрсетуіне

жол берілмейді.

8. Шетел азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы лауазымды адамдар мен азаматтардың осы Ереже талаптарын сақтауына бақылауды ішкі істер органдары ұлттық хауіпсіздік органдарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

II. Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуі және Қазақстан Республикасынан кетуі

9. Шетел азаматтары күшіндегі шетел паспорттары бойынша халықаралық қатынастар үшін ашылған мемлекеттік шекарадан өтуге рұқсат ететін бекеттер арқылы, ал азаматтығы жоқ адамдар, егер келудің және кетудің өзгедей тәртібі Қазақстан Республикасының тиісті елмен келісімінде белгіленбеген болса, олардың тұрақты тұратын елдерінің құзыретті органдары берген және олардың жеке басын куәландыратын күшіндегі құжаттар бойынша, келетін, келетін-кететін, кететін, кететін-келетін қазақстандық визалары болған жағдайда Қазақстан Республикасына келеді және Қазақстан Республикасынан кетеді.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ адамдар, кететіні жөнінде виза алғаннан кейін шетелге тұрақты тұруға кетеді.

(10-тармақ) <*> .

Ескерту. 10-шы тармақ күшін жойған - ҚРМҚ-нің 1995.31.10.

№ 1408 қаулысымен. [P951408](#)

11. Қазақстан Республикасынан кету (кететін) визаларын және Қазақстан Республикасынан кету - Қазақстан Республикасына келу (кететін-келетін) визаларын шетел азаматтарына Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, облыстардағы ішкі істер басқармалары береді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің шешімімен мұндай хұқық Қазақстан Республикасының қалалық және аудандық ішкі істер органдарына берілуі мүмкін.

Шетел паспорттары Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде және оның өкілдіктерінде тіркелген шетел азаматтарына Қазақстан Республикасынан кетуге виза беруді осы ұйымдар жүргізеді.

Жекелеген жағдайларда мұндай виза беруді ішкі істер органдары жүзеге асыра алады.

12. Қабылдаушы ұйымның өтініші бойынша шетел азаматтарына Қазақстан Республикасына келудің және Қазақстан Республикасынан кетудің бірнеше мәртелік визасы беріледі. Бірнеше мәртелік виза берудің тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық хауіпсіздік комитетінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Ішкі істер министрлігі айқындайды.

13. Қазақстан Республикасына келуге және Қазақстан Республикасынан кетуге виза беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту үшін мыналар негіз болып табылады:

Қазақстан Республикасында қабылдаушы ұйымдардың, тұрақты шетел өкілдіктерінің тарапынан болған шетел азаматтары үшін, - осы ұйымдар мен өкілдіктердің жазбаша өтініші;

- Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша немесе тұрақты тұруға келген шетел азаматтары үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтарына жеке істері бойынша немесе тұрақты тұруға шетелге сапарға шыққан кезде, - осы азаматтардың арызы бойынша ішкі істер органдары берген рұқсат.

14. Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуіне және Қазақстан Республикасынан кетуіне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негізде тыйым салынуы мүмкін.

15. Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша келген немесе тұрақты тұратын шетел азаматтары визасын жоғалтып алған жағдайда, бұл жөнінде тез арада ішкі істер

органдарына, ал Қазақстан Республикасында басқа мақсатпен жүргенде - қабылдаушы ұйымдарға хабарлайды. Азаматтың тиісті жеке өтініш хаты және ұйымның өтініш тілегі бойынша ішкі істер органдары шетел азаматтарына Қазақстан Республикасынан кетуге виза беру туралы мәселені шешеді.

III. Қазақстан Республикасында уақытша болған шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында тұру хұқына құжаттар ресімдеу

16. Қазақстан Республикасында уақытша болған шетел азаматтары Қазақстан Республикасының аумағында осы Ережеде белгіленген тәртіппен тіркелген шетел паспорты бойынша тұрады. Шетел паспорты мақсатты пунктке келгеннен кейін, мерекелік және демалыс күндерін қоспағанда, үш тәулік ішінде тіркеуге табыс етіледі.

17. Шетел паспорттарын тіркеуден мыналар босатылады:

а) Қазақстан Республикасына Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің немесе Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шақыруымен келген шетел мемлекеттері мен үкіметтерінің басшылары, парламенттік және үкіметтік делегацияның мүшелері, осы делегациялардың техникалық қызмет көрсетушілері, аталған адамдардың отбасы мүшелері;

б) Біріккен Ұлттар Ұйымы берген паспорт бойынша Қазақстан Республикасына келген адамдар;

в) Жасы 18-ге толмаған шетел азаматтары;

г) Қазақстан Республикасына мереке және демалыс күндері немесе жәй күндері 3 тәулікке дейін келген және Қазақстан Республикасынан осы күндер ішінде кететін шетел адамдары;

д) теңізде саяхат жасаушы шетел туристері;

е) Қазақстан Республикасына белгіленген тәртіппен келген шетелдің әскери кемелері мен әскери ұшақтарының экипаж мүшелері.

Әскери кемелердің (әскери ұшақтардың) экипаж мүшелерінің жағаға түсуіне және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруына рұқсатты келген әскери кемелерді (әскери ұшақтарды) қабылдаудың жоспарына сәйкес қазақстандық порттағы (гарнизондағы) аға теңіз (әскери) бастығы береді;

ж) шетелдік әскери емес кемелердің құрамына кірген адамдар, Қазақстан Республикасының порттарында және портты қалаларында болған кезде, осы адамдарды ұйымдасқан түрде саяхатқа, Қазақстан Республикасының және басқа қалаларына барғанда.

Мұндай адамдардың жағаға түсуіне портта қолданылып жүрген ережелер мен нұсқауларға сәйкес шекара әскерлерімен келісім бойынша порттардағы әкімшіліктер рұқсат береді;

з) халықаралық авиажелілерінің азаматтық әуе кемелері экипажының, халықаралық темір жол қатынасы поездарындағы бригадалардың құрамына енетін адамдар, қолданылып жүрген қозғалыс кестесінде көрсетілген аэропорттарда немесе станцияларда болған кезде.

18. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде және оның өкілдіктерінде:

а) шетелдің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері басшыларының, дипломатиялық қызмет мүшелерінің, консулдық лауазым иелерінің, дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердегі әкімшілік-техникалық және қызмет көрсететін қызметкерлердің, әскери атташе мен сауда өкілдіктер аппараты қызметкерлерінің және аталған адамдардың асырауындағы олардың зайыптарының, балаларының, ата-аналарының, сондай-ақ егер қонақтар олардың мекемелерінде немесе аталған өкілдіктер мен мекемелердің аумағында тұрса, шетелдің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері басшылары қонақтарының;

б) Қазақстан Республикасына қызметтік іс бойынша келген және дипломатиялық немесе қызметтік паспорты бар шетел мемлекеттерінің сыртқы істер ведомстволары қызметкерлерінің және олардың отбасы мүшелерінің;

в) Қазақстан Республикасына қызметтік іс бойынша келген халықаралық ұйымдардың лауазымды адамдарының, аталған ұйымдардың Қазақстан Республикасындағы өкілдіктері қызметкерлерінің, сондай-ақ аталған ұйымның көрсетілген құжаттарына немесе тиісті халықаралық шарттарға сәйкес дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитетті пайдаланатын, Қазақстан Республикасында штаб-пәтері бар, халықаралық ұйымдардың жанындағы елдер өкілдіктері қызметкерлерінің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің шетелдік паспорттары тіркеледі.

Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігі және оның өкілдіктері осы тармақта көрсетілген адамдарға дипломатиялық, қызметтік немесе консулдық карточкалар береді немесе тікелей шетелдік паспорттарға тіркеу туралы жазба жүргізеді.

Осы тармақта аталған адамдар қабылдаушы ұйымдарда, қонақ үйлерінде және ішкі істер органдарында шетел паспорттарын тіркеуден босатылады.

19. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, бұл туралы оларды қабылдайтын ұйымдар, дипломатиялық өкілдіктер немесе консулдық мекемелер тілек білдіргенде, қажет жағдайда Қазақстан Республикасына шетелдерден келген мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлердің және олардың отбасы мүшелерінің шетел паспорттарын тіркеу, сондай-ақ осы Ереженің 18 тармағында көрсетілмеген халықаралық ұйымдар қызметкерлерінің шетел паспорттарын тіркеу хұқы беріледі. Бұл орайда шетел азаматтары қабылдаушы ұйымдарда, қонақ үйлерінде және ішкі істер органдарында шетел паспорттарын тіркеуден босатылады.

20. Шетел азаматтарын тіркеу хұқы берілген қонақ үйлерінде, 17 тармақтың (г) тармақшасында көзделген жағдайлардан басқаларында, олардың Қазақстан Республикасына келу мақсатына және болу мерзіміне қарамастан, оларда тұратын барлық шетел азаматтарының шетел паспорттары тіркеледі. Тіркеу сол азаматтардың жеке өтініші немесе қабылдаушы ұйымдардың, Қазақстан Республикасындағы тұрақты шетел өкілдіктерінің жазбаша өтінімі негізінде жүргізіледі. Шетел паспорттарын тіркеу барлық жағдайларда өтініштерде, турларда, өтінімдерде көрсетілген мерзімде, ал виза бойынша келген адамдарға визаның қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

21. Осы Ереженің 18-20 тармақтарында көрсетілмеген шетел азаматтарының шетел паспорттары ішкі істер органдарында тіркеледі. Тіркеу қабылдаушы ұйымның және Қазақстан Республикасындағы тұрақты шетел өкілдігінің жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі. Өтініш шетел азаматтары қабылдайтын ұйымға немесе өкілдікке тіркеу үшін шетел паспортын өткізген сәттен бастап, мерекелік және демалыс күндерін қоспағанда үш тәуліктен кешіктірмей ішкі істер органдарына берілуге тиіс.

Егер Қазақстан Республикасының тиісті елмен келісімінде Қазақстан Республикасына келудің өзгедей тәртібі белгіленбесе, Қазақстан Республикасына жеке іс бойынша келген шетел азаматтарының шетел паспорттары ішкі істер органдарында олардың визаларының негізінде тіркеледі.

22. Шетел азаматтарының шетел паспорттарын тіркеу туралы жазба Қазақстан Республикасында осы азаматтардың бастапқы кезде келген жері бойынша жүргізіледі.

23. Шетел азаматтарын тіркеудің күшін ұзарту ішкі істер органдары мен қонақ үйлерінде жүргізіледі. Тіркеудің күшін ұзарту ішкі істер органдары Қазақстан Республикасынан кетуге арналған визаның қолданылу мерзімін ұзартқаннан кейін жүргізіледі.

24. Шетел паспорттары Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде және оның өкілдіктерінде тіркелген шетел азаматтарының шетел паспорттарын Қазақстан Республикасында тіркеудің күшін ұзартуды сол ұйымдар жүргізеді.

25. Қазақстан Республикасына 6 айға дейінгі мерзімге келген шетел азаматтарының жеке және қызметтік автокөлік құралдары кедендік бақылау органдарына есепке қойылуға

жатады. Қазақстан Республикасына 6 айдан мерзімге әкелінген шетелдік иеленушінің көлік құралдары ұлттық нөмірлік белгілері алмастырылып, Мемлекеттік автомобиль инспекцияларының органдарында тіркеледі.

Халықаралық жүргізуші куәлігі Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарын басқару үшін күшіне енеді. Жол қозғалысы туралы Конвенцияның талаптарына сәйкес келетін Ұлттық жүргізуші куәлігі олардың осында ауыстырылғаны куәландырылған кезде Қазақстан Республикасының аумағында күшіне енеді. Шетел азаматтарына жүргізуші куәлігін беру немесе осы азаматтардың аталған Конвенцияның талаптарына жауап бермейтін ұлттық жүргізуші куәлігін алмастыру Қазақстан Республикасының азаматтары үшін көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Шетелдік иеленушілердің көлік құралдарын мемлекеттік техникалық байқау Қазақстан Республикасының азаматтары үшін көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Басқа азаматтарға (Қазақстан Республикасының немесе шетелдің) тиесілі автомобильді шетел азаматтарына пайдалануға беру нотариалдық тәртіппен ресімделеді. Міндетті кері алып шығу міндеттемесімен шетел азаматтары алып кірген автокөлік құралдары белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін шетелге әкетілуге жатады және оны Қазақстан Республикасының аумағында көліктен айыруға болмайды.

26. СПИД вирусына қарсыласатын заттың бойында бар-жоғына тексеруден өткені жайында сертификатпен келген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардан басқа, Қазақстан Республикасына жұмыс істеуге, оқуға, тұрақты тұруға немесе басқа мақсаттармен 3 айдан астам мерзімге келген шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар келгеннен кейін 10 күн ішінде куәландырудан өтеді.

27. Қазақстан Республикасына оқуға немесе жұмысқа келген шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар республика аумағында болған барлық кезеңнің ішінде - түрлі себептермен шетелдерге барып қайтқан жағдайда олар қайтып оралған соң 3 айдан кейін қосымша медициналық куәландырудан өтеді.

IV. Шетел азаматтарына Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға және тұрудың белгілеріне рұқсат беру

28. Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында тұруының белгілерін тұрақты тұрудың рұқсат етілуін негізге алып ішкі істер органдары береді.

29. Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру туралы өтінішті Қазақстан Республикасында уақытша болушы шетел азаматтары тұратын жері бойынша тікелей ішкі істер органдарына, ал шетелде тұратын адамдар - Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне береді.

Қазақстан Республикасына иммиграция квотасына сәйкес келген шетел азаматтарына тұру белгілері Қазақстан Республикасының "Иммиграция туралы" Заңында белгіленген тәртіппен беріледі.

30. 16 жасқа толған шетел азаматтарына Қазақстан Республикасында тұрудың белгілері олардың тұрақты тұратын жерлері бойынша ішкі істер органдарында шетел паспорттарының қолданылу мерзіміне қарай, бірақ 5 жылдан аспайтын мерзімге, ал 45 жасқа жеткендерге - шетел паспорттарының бүкіл қолдану мерзіміне беріледі. Азаматтығы жоқ адамдарға тұру белгілері 5 жыл мерзімге, ал 45 жасқа жеткендерге - мерзімсіз беріледі.

Қолдану күшінің мерзімін ұзарту туралы немесе тұрудың жаңа белгісін беру туралы өтінішті шетел азаматтары олардың тұратын жері бойынша ішкі істер органдарына тұру белгілерінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей, ал ол жоғалған жағдайда - шұғыл түрде береді.

31. Өздеріндегі шетел паспорттарының қолдану мерзімі аяқталған күннен бастап 6 ай ішінде шетел азаматтары жаңа немесе ұзартылған құжаттарды көрсетпесе, ішкі істер органдары оларға Қазақстан Республикасында тұрудың азаматтығы жоқ адамдарға

берілетін белгісін береді.

Қазақстан Республикасының қос азаматтықты болдырмау туралы халықаралық шарт немесе өзге уағдаластығы бар мемлекеттің азаматтығында тұратын адамдарға, азаматтығы жоқ адамдар үшін тұру белгілері олар ол мемлекеттің құзыретті органдары азаматтықтан шығуға рұқсат еткенін куәландыратын құжатты көрсеткен кезде берілуі мүмкін.

32. Азаматтығы жоқ адамдар үшін Қазақстан Республикасында тұру белгісі егер оның иесі ішкі істер органдарында қолданылып жүрген шетел паспортын көрсетсе, ол шетел азаматтары үшін Қазақстан Республикасында тұрудың белгісіне ауыстырылады.

33. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары Қазақстан Республикасының азаматтары үшін көзделген тәртіппен тұрақты және уақытша тұратын жері бойынша тіркеуге жатады.

V. Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруы және олардың Қазақстан Республикасында тұратын жерді таңдауы

34. Шетел азаматтары шетел азаматтарының баруына жол ашық Қазақстан Республикасының аумағында емін-еркін жүріп тұра алады. Бұл орайда Қазақстан Республикасында қабылдаушы ұйымдар тарапынан уақытша болушы шетел азаматтары осы ұйымдар арқылы, ал тұрақты тұратындар немесе жеке істері бойынша келгендер - тікелей сапар туралы ішкі істер органдарына хабарлайды.

Көздеген пунктіне келгеннен кейін шетел азаматтары өзінің уақытша болуын қонақ үйінде немесе ішкі істер органдарында тіркеуге тиіс.

35. Шетел азаматтары үшін жабық жерлерге олардың баруы және жүріп-тұруы ішкі істер органдарының рұқсатымен ғана жүзеге асырылады: Қазақстан Республикасына қабылдаушы ұйымдар тарапынан келгендер - ұлттық хауіпсіздік органдарымен алдын ала келісілген жағдайда, осы ұйымдардың жазбаша өтініші негізінде; тұрақты шетел өкілдіктерінің тарапынан немесе жеке істері бойынша, я болмаса Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға келгендер - олардың жеке жазбаша өтініштері негізінде.

Шетел азаматтарын қабылдайтын ұйымның өтініші бойынша бұл азаматтарға көп мәрте келуге және жүріп-тұруға рұқсат берілуі мүмкін.

36. Шетел паспорттары Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде немесе оның өкілдіктерінде тіркелген шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп тұру тәртібін осы министрлік айқындайды.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Ақпарат басқармасы жанында тіркелген шетел тілшілері мен журналистерінің және олардың отбасы мүшелерінің жүріп-тұру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасының аумағында шетел мемлекеттерінің бұқаралық ақпарат құралдары тілшілерінің кәсіптік қызметін реттейтін Негізгі ережелер айқындайды.

37. Қазақстан Республикасындағы болған жерін осы Ережені бұза отырып өзгерткен шетел азаматтары ішкі істер органдарының талаптары бойынша бұрынғы болған жеріне қайтуға немесе таңдаған мақсатты бекеттеріне сәйкес бағыт алуға міндетті.

VI. Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы аялдап өтуі

38. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы аялдап өтетін шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келуін және Қазақстан Республикасынан кетуін, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы аялдап өту визаларының баратын маршруттарын және оған қажетті уақытты ескере отырып консулдық мекемелер ресімдейді.

39. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы аялдап өтетін шетелдіктердің баратын еліне әуе, темір жол және теңіз көлігімен сапар шегуіне олардың Қазақстан Республикасымен шектесетін мемлекетке баратынын растайтын құжаттары және онда

Қазақстан Республикасының аумағындағы ауысып міну бекетіне, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан портқа, станцияға келген сәттен бастап, 72 сағаттан кешіктірмей кететін күні куәландырылған тиісті жүру құжаты болған кезде рұқсат етіледі.

(40-тармақ) <*> .

Ескерту. 40-ші тармақтың күші жойылған - ҚРМҚ-нің 1995.31.10.

№ 1408 қаулысымен.

41. Аялдап өту сапарын жеке автомобильде немесе автобуспен топ құрамында туристік мақсатта пайдаланушы шетелдіктер, Қазақстан Республикасына келгенге дейін Қазақстан Республикасының туристік ұйымдарынан автотурлар алуға және баратын жерлері көрсетілген тиісті визалар иеленуге міндетті.

Қазақстан Республикасы азаматтардың визасыз өзара сапар шегу шарты туралы келісім жасасқан мемлекеттердің азаматтарына жеке автокөлік құралдарымен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қазақстан Республикасындағы туристік ұйымдардың автотурінсіз аялдап өту үшін Қазақстан Республикасына келуіне, олардың келу мерзімі 24 сағаттан аспайтын болған жағдайда ғана рұқсат етеді. Басқа барлық жағдайларда олар Қазақстан Республикасындағы туристік ұйымдардың автотурлерін алуға міндетті.

42. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарымен аялдап өтетін, соның ішінде автомобильмен халықаралық жүк тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдіктер, халықаралық автомобиль қатынасы үшін ашылған жолдар бойынша ғана жүреді.

43. Қазақстан Республикасының аумағындағы бір немесе бірнеше бекетке 24 сағаттан астам аялдауға болатыны туралы көрсетілген аялдап өту визалары бар шетелдіктер, сол бекеттердің әрбірінде өздерінің паспорттарын ішкі істер органдарында тіркетуге және олар белгілеген болу мерзімінен кешікпей Қазақстан Республикасынан кетуге міндетті.

44. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы шетел азаматтарының аялдап өту Ережесін сақтауын бақылауды ішкі істер органдарының бөлімшелері жүргізеді.

VII. Осы Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік.

Болу мерзімін қысқарту және шетел азаматтарын

Қазақстан Республикасынан аластату

45. Осы Ережені бұзғаны үшін шетел азаматтары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Осы Ереженің 17 және 18 тармақтарының а) тармақшаларында көрсетілген шетел азаматтарының жауапкершілігі туралы мәселе дипломатиялық жолмен шешіледі.

Талаптарды сақтауға міндетті адамдар осы Ережені бұзған жағдайда (шетел азаматтарын жеке істері бойынша Қазақстан Республикасына шақырған немесе оларға қызмет көрсетуші адамдарды қоса) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

46. Қазақстан Республикасында болудың мерзімін қысқарту және шетел азаматын Қазақстан Республикасынан аластату Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негізде жүргізіледі.

47. Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болуының мерзімін қысқарту туралы шешімді ішкі істер органдары, ал Қазақстан Республикасынан аластау туралы шешімді - ішкі істер органдары немесе ұлттық хауіпсіздік органдары қабылдайды.

48. Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайдағы шетел азаматтарын Қазақстан Республикасынан аластату туралы өтініш-тілекті, бұл азаматтар республикалық қабылдаушы ұйымдар тарапынан келген болса, сол ұйымдар ішкі істер органдарының алдына тез арада қояды.

49. Белгіленген тәртіппен қабылданған шешім негізіндегі шетел азаматтарын аластатуды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдары немесе

ұлттық хауіпсіздік органдары жүргізеді.

Аластау бойынша шығынды аластаушы шетелдік азаматтар немесе шетелдікті Қазақстан Республикасына шақырған ұйымдар немесе жеке адамдар, айрықша жағдайда ішкі істер органдары мойнына алады.

50. Шетел азаматы оны Қазақстан Республикасынан аластау және Қазақстан Республикасына келу мерзімін қысқарту туралы шешімге белгіленген тәртіппен шағым жасауға хұқылы.

51. Осы Ереженің 46-50 тармақтарында мазмұндалған тұжырымдар осы Ереженің 17 және 18 тармақтарының "а" тармақшаларында тізбеленген және Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын адамдарға таратылмайды.

VIII. Халықаралық шарттар

52. Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен осы Ережеде мазмұндалғаннан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережесі қолданылады.